



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
кредиттік портфелінде NPL 90+ жұмыс істемейтін кредиттер деңгейі төмендегені туралы**

2014 ж. 5 маусым

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ NPL 90+ жұмыс істемейтін кредиттер деңгейі 2014 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша кредиттік портфельдің көлемінен 16.5%-дан 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 14.8% дейін төмендегені жөнінде хабарлайды.

Банк жүйесінде жұмыс істемейтін кредиттер деңгейін төмендету жөніндегі Елбасы тапсырмасын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жоспарын орындау мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кредиттік портфельдің 15%-нан төмен болатын NPL 90+ жұмыс істемейтін кредиттер деңгейіне отандық екінші деңгейлі ірі банктер арасында біріншілер қатарында жетті.

NPL 90+ жұмыс істемейтін кредиттер портфелі ақшалай көрсетуде 2014 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 292.7 млрд теңгеден 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 261.9 млрд теңгеге дейін, яғни 30 млрд аса теңгеге, төмендеді.

Бұл жетістік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің банк секторын жұмыс істемейтін кредиттерден тазартуға ынталандыру мақсатында заңнаманы өзгерту бойынша соңғы жылдары жүргізген орасан зор жұмысы нәтижесінде мүмкін болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жұмыс істемейтін кредиттер деңгейін 2015 жылғы 1 қаңтарға кредиттік портфельден 15%-ға дейін және 2016 жылғы 1 қаңтарға 10%-ға дейін төмендетуді банк секторының жақын арадағы мерзімге дамуындағы стратегиялық басымдылық ретінде белгіледі.

Жұмыс істемейтін кредиттер деңгейінің жоғарыда аталған төмендеуі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нда заңды тұлғаларға берілген жұмыс істемейтін кредиттер сомаларын құрылған провизиялар шеңберінде кешірусіз жүйеден тыс есепке аудару арқылы жетілді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ сондай кредиттерді құрылған провизиялар шеңберінде жүйеден тыс есепке аудару есебінен, сондай-ақ, стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйым «Халық-Жоба» ЖШС-не табыстау, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жанындағы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-на табыстау және банктерге ағымдағы заңнама шеңберінде ұсынылатын өзге де құралдар есебінен жұмыс істемейтін кредиттер деңгейін төмендету бойынша жұмысын жоспарлауды жалғастыруда.

NPL 90+ жұмыс істемейтін кредиттер жөніндегі жоғарыда аталған деректер «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жедел басқарушылық есептілігі негізінде беріледі. Толығырақ ақпарат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тоқсан сайынғы есептілігін жариялаған кезде, және де Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банк секторы бойынша ай сайынғы статистикасын жариялаған кезде ашылып беріледі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттер базасы мен таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы әрі жетекші бөлік сауда банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келіп, өзінің бөлік сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын (банктік, зейнетақылық қызметтерді, сақтандыру, лизинг бойынша қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін) ұсынууда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сәйкес 2014 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша активтер мөлшері 2,919 млрд. теңге және меншік капиталы 429 млрд. теңге болып, Банк коммерциялық банктер арасында бірінші орын алады

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі,
тел. +7 727 2 590 816, www.halykbank.kz**